

**«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ  
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ  
АБАЯ»**



**«БЕКІТЕМІН»**

Зерттеу қызметі және инновация  
жөніндегі проректор

\_\_\_\_\_ Е. Бурибаев

«\_\_» \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ 2023 ж.

**Педагогика кафедрасы**

**2023 жылдың**

**ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ  
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ**

Педагогика және психология институтының директоры \_\_\_\_\_ Г.А.Абаева

Педагогика кафедрасының меңгерушісі \_\_\_\_\_ Ш.Ж.Колумбаева

Ғылым департаментінің директоры \_\_\_\_\_ У.М.Абдигалбарова

**Алматы,  
2023 ж.**

## МАЗМҰНЫ

<b>Бірінші бөлім</b>		
	Жобалау қызметі бойынша талдамалық сипаттағы жылдық есептің сипаттамасы .....	
	ПОҚ ғылымиметрикалық көрсеткіштері бойынша аналитикалық сипаттағы жылдық есебі.....	
	Халықаралық және республикалық ғылыми ынтымақтастықтардың болуы туралы талдамалық сипаттағы жылдық есебі .....	
	СҒЗЖ, МҒЗЖ, ДҒЗЖ бойынша аналитикалық сипаттағы жылдық есеп .....	
<b>Екінші бөлім</b>		
<b>Кесте 1.</b>	Есепті жылдағы қызметкерлер құрамы (бөлімше атауы) .....	
<b>Кесте 2.</b>	ҚР ҒЖБМ және ҚР басқа да ұйымдары қаржыландыратын жобаларға қатысқан ПОҚ тізімі .....	
<b>Кесте 3.</b>	Абай атындағы ҚазҰПУ қаржыландырылатын жобаларға қатысқан ПОҚ тізімі.....	
<b>Кесте 4.</b>	Халықаралық ғылыми, білім беру жобаларына қатысқан ПОҚ тізімі ...	
<b>Кесте 5.</b>	ПОҚ іске асырған стартап жобалардың тізімі .....	
<b>Кесте 6.</b>	Жергілікті атқарушы органдардың (ЖАО) немесе бизнес өкілдері қаражаты есебінен қаржыландырылатын ғылыми жобалардың тізімі.....	
<b>Кесте 7.</b>	Патенттер мен авторлық куәліктерді алған ПОҚ тізімі .....	
<b>Кесте 8.</b>	Scopus, WOS базаларында индекстелген журналдарда жарияланған мақалалар тізімі .....	
<b>Кесте 9.</b>	ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚҚ ұсынған журналдарда жарияланған ғылыми мақалалардың тізімі .....	
<b>Кесте 9/1.</b>	Жақын шетел басылымдарында жарияланған ғылыми мақалалардың тізімі	
<b>Кесте 9/2.</b>	Алыс шетел басылымдарында жарияланған ғылыми мақалалардың тізімі	
<b>Кесте 9/3.</b>	ҚР басқа журналдарында жарияланған ғылыми мақалалар тізімі .....	
<b>Кесте 9/4.</b>	Жақын шетелдегі ғылыми конференциялардың материалдарында / жинақтарында жарияланған тезистер/ мақалалар тізімі .....	
<b>Кесте 9/5.</b>	Алыс шетелдегі ғылыми конференциялардың материалдарында / жинақтарында жарияланған тезистер/ мақалалар тізімі .....	
<b>Кесте 9/6.</b>	ҚР ғылыми конференцияларының материалдарында/жинақтарында жарияланған тезистер/ мақалалар тізімі.....	
<b>Кесте 10.</b>	Жарияланған монографиялардың, рейтингтік басылымдардағы монографиядағы тараулар тізімі .....	
<b>Кесте 10/1.</b>	ҚР мектептеріне арналған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың тізімі	
<b>Кесте 10/2.</b>	Жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар тізімі .....	
<b>Кесте 10/3.</b>	Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдарының тізімі .....	
<b>Кесте 10/4.</b>	Жоғары оқу орындарына арналған оқу-әдістемелік құралдардың тізімі ...	
<b>Кесте 11.</b>	Шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы ақпарат	
<b>Кесте 12.</b>	ҒЗИ, мектептермен, лицейлермен, колледждермен және т. б. ынтымақтастық туралы ақпарат.	

<b>Кесте 13.</b>	Біліктілікті арттыру курстарынан өткен ПОҚ тізімі .....	
<b>Кесте 14.</b>	Қазақстан бойынша ғылыми іссапарларды жүзеге асырған ПОҚ, магистранттар мен докторанттардың тізімі .....	
<b>Кесте 15.</b>	ПОҚ, магистранттар мен докторанттардың шетелдік ғылыми іссапарлар тізімі .....	
<b>Кесте 16.</b>	Диссертация қорғаған ПОҚ, магистранттар мен докторанттардың тізімі	
<b>Кесте 17.</b>	Студенттер мен магистранттар – ғылыми конкурстардың жеңімпаздары...	
<b>Кесте 18.</b>	Студенттер іске асырған стартап жобалардың тізімі .....	
<b>Кесте 19.</b>	Студенттердің жарияланымдарының тізімі .....	
<b>Кесте 20.</b>	Магистранттардың жарияланымдарының тізімі .....	
<b>Кесте 21.</b>	Докторанттардың жарияланымдарының тізімі .....	
<b>Кесте 22.</b>	2023 жылы өткізілген ғылыми іс-шаралар, конференциялар туралы ақпарат	
<b>Кесте 23.</b>	БАҚ, радио, теледидар және т. б. жарияланымдар мен сұхбаттар тізімі.....	
<b>Қосымша</b>		
	Патенттер мен авторлық куәліктердің ламинатталған көшірмелері .....	
	Scopus, WOS базаларында индекстелетін журналдарда жарияланған мақалалар.....	
	Scopus, WOS журналдарында жарияланған мақалаларға сілтеме жасау базасының сайтынан скриншот.....	
	Есепті жылы жарияланған монографиялардың 1 данасы .....	
	Монографиялардың, оқулықтардың, оқу құралдарының титулдық және соңғы парағының көшірмелері .....	
	Студенттер мен магистранттар алған грамоталардың, дипломдардың және басқа да марапаттау құжаттарының көшірмелері .....	
	Шетелдік ЖОО, ҒЗИ және ғылыми ұйымдармен жасалған шарттардың көшірмелері ...	
	<b>Қорытынды</b> .....	

# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП ҚҰРЫЛЫМЫ

## **1. ПОҚ жобалау қызметі:**

**Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын ПОҚ үлесі;**

Кафедра оқытушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу деңгейі 100% құрайды.

**ҚР ҒЖБМ қаржыландыратын ғылыми жобалардың болуы мен іске асырылуын бағалау, олардың кафедраларының білім беру бағдарламаларына сәйкестік дәрежесі (ҒЖБМ №116 бұйрығына сәйкес әрбір ОБ зерттеу жобасымен қамтамасыз етілуі);**

2023 жылы кафедра бойынша 3 отандық ғылыми жобалар жүзеге асырылып жатыр. Педагогика кафедрасында жүргізіліп жатқан ғылыми-зерттеу жобалары педагогикалық білім берудің өзекті мәселелеріне, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру үдерісіндегі ең маңызды буын, білім беру жүйесін жоғары білікті мамандармен толық қамтамасыз етуге, болашақ педагог кадрларды кәсіби тұрғыда даярлауға бағытталған.

Жоба асында, білім беру мазмұнын жаңарту процестеріне байланысты кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамының ғылыми-зерттеу қызметі болашақ педагогтардың бәсекеге қабілетті тұлғасын қалыптастырудағы полипарадигмалық тәсілдің ерекшеліктерімен және педагогтарды дайындау мазмұнындағы педагогикалық профильдеу, интеграциялық үрдістер зерттеуімен, сонымен қатар педагогикалық білім беруді жаңғырту мәселелері жүзеге асырылып жатыр:

- Педагогикалық білім беру мазмұнындағы интеграциялық үрдістер;
- Action Research (іс-әрекеттегі зерттеу) сынды ғылыми зерттеулерді ұйымдастырудың бейресми түрлерін университет тәжірибесіне кіріктіру арқылы университет оқытушыларының ғылыми-зерттеу белсенділіктерін дамыту қажеттілігімен байланысты жұмыстар;
- оқытушылардың зерттеу үдерісінің сапасын дамытудың терең жатқан мәселелерін шешуге бағытталған жұмыстар;
- Қазақстанда дуальды білім беру жүйесін жетілдіру арқылы болашақ мамандарды жұмыс берушілердің сұранысына сәйкес оқыту деңгейін арттыру
- болашақ педагогтарды жұмысқа орналастыру мүмкіндігін дамыту;
- компаниялармен ынтымақтастықты күшейте отырып, кәсіби білім беру сапасын жоғарлату;
- инновациялық педагогикалық идеялардың мектеп тәжірибесіне енгізілу деңгейін, инновациялардың мазмұнын және олардың мектептегі оң өзгерістерге әсерін анықтау арқылы ғылыми теориялардың педагогикалық теорияға кіріктірілу деңгейін жоғарылату;
- кеңестік республикалардың білім және ғылым саласындағы жетістіктеріне, педагогикалық білім берудің реформаларына салыстырмалы талдау жасау негізінде халықаралық ынтымақтастықты дамыту, ортақ даму бағыттарын айқындау;
- Болашақ педагог мамандарды ерте кезден бастап мұғалімдік мамандыққа баулу мақсатында, кәсіби бағдар беріп, даярлау.
- ЖОО мен әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтерді кәсіби дамытудың нәтижеге бағытталған мақсатты жұмыстарын ұйымдастыру болашақ педагогтердің инновациялық кәсібилігін дамытудың тиімділігін арттырады және болашақ педагогикалық мамандар даярлауды жаңа сапалық деңгейге көтеру;
- «ЖОО онлайн қауымдастығында желілік коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру жүйесін, оқытушылар мен студенттердің цифрлық этикетін кастомизациялау
- HONORS COLLEGE типі бойынша академиялық үстемдік білім беру саласы үшін білікті кадрларды даярлау

## **Оқу бағдарламасына жобаларды енгізу дәрежесі;**

Кафедра оқытушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу деңгейі 100% құрайды және бірнеше бағытта жүзеге асырылады:

- педагогикалық білім беру өзектілігі және оның дамуы;
- педагогикалық білім беру мазмұнындағы интеграциялық үрдістер;

- Action Research (іс-әрекеттегі зерттеу) сынды ғылыми зерттеулерді ұйымдастырудың бейресми түрлерін университет тәжірибесіне кіріктіру арқылы университет оқытушыларының ғылыми-зерттеу белсенділіктерін дамыту;
- ҚР педагогикалық білім беруді жаңғыртудың негізгі бағыттары;
- «ЖОО онлайн қауымдастығында желілік коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру жүйесін, оқытушылар мен студенттердің цифрлық этикетін кастомизациялау;
- Honors College типі бойынша академиялық үстемдік білім беру саласы үшін білікті кадрларды даярлау

**Кафедраның профессор-оқытушылар құрамы педагогика ғылымының өзекті мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізеді:**

- Педагогикалық білім беруді жаңғыртудың басым бағыттарын анықтау;
- Жаңа педагогика мектептегі инновациялық процестерге бағытталды;
- инновациялық педагогикалық технологияларды әзірлеу және енгізуге бағытталды;
- инновациялық білім беру технологияларды жүзеге асыруы;
- Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілетті жоғары педагогикалық білімінің жаңа парадигмасын зерттеу;
- ХХІ ғасырдың болашақ педагогтарының өзекті дағдыларын қалыптастыру;
- ХХІ ғасыр мұғалімінің портретін зерттеу;
- болашақ мұғалімдердің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру;
- кәсіби білім беру және өзін-өзі тәрбиелеу, өздігінен білім алу, кәсіби өсу қызметінің теориясы мен практикасы;
- жалпы орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында кәсіптік-педагогикалық білім сапасын арттыру;
- қашықтықтан сабақ өтуге тиімді интерактивті әдістерді игеру және педагогтарды қайта даярлауды жүзеге асыру.
- Әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтерді кәсіби дамытудың инновациялық моделі.
- «ЖОО онлайн қауымдастығында желілік коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру жүйесін, оқытушылар мен студенттердің цифрлық этикетін кастомизациялау;
- Honors College типі бойынша академиялық үстемдік білім беру саласы үшін білікті кадрларды даярлау

**Абай атындағы ҚазҰПУ қаржыландыратын асырылатын ішкі жобалардың саны;**

Кафедра бойынша «Педагогикалық сыныптар білім алушылардың "Педагог" мамандығын таңдауға дайындығын кәсіби бағдарлау және педагогикалық сүйемелдеу құралы ретінде» атты жоба бар. (20.01.2023 ж. – 31.12.2023 ж.)

Абай атындағы ҚазҰПУ қаржыландырылған жобасында Абай ат. ҚазҰПУ профессоры, кафедра меңгерушісі **Колумбаева Ш.Ж.**, Абай ат. ҚазҰПУ профессорының міндетін атқарушы **Сайдахметов Б.С.**, магистр, оқытушы **Косиыгулова А.С.** педагогикалық сыныптарды құру жобасы аясында зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. (Педагогические классы как средство профессиональной ориентации и педагогического сопровождения подготовки обучающихся к выбору профессии «Педагог» (20.01.2023 ж. – 31.12.2023 ж.).

- Кіші ынталандыру гранттары бағдарламасы бойынша ЖОО грантын алған жас ғалымдардың саны-жоқ;
- Жергілікті атқарушы органдардың (ЖАО) немесе бизнес өкілдерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын ғылыми жобалардың болуы-жоқ;
- Университет ПОҚ-ның ҒЗИ және ҚР басқа да ғылыми ұйымдарының жобаларына қатысуы-жоқ;
- Үкіметаралық келісімдер негізінде халықаралық ынтымақтастық шеңберіндегі ғылыми жобалар мен бағдарламалардың саны-жоқ;
- Цифрлы платформаны қолдану арқылы жүргізілген зерттеулер-жоқ;
- Ғылыми-зерттеу жұмыстарында заманауи зерттеу әдістерін қолдану-жоқ;

## **Жаңа технологиялар, оқытудың жаңа әдістерін әзірлеу;**

ПОҚ құрамы инновациялық технологияларды тереңірек жетілдіріп, практикалық тұрғыда тиімді пайдалануға, интерактивті тақтаны қолдану барысында түрлі онлайн платформаларда әдіс-тәсілдер арқылы студенттердің білімдерін шыңдауға атсалысуда.

Мәселен, *Танатова А.Д.* п.ғ.к., аға оқытушы «Педагогикалық зерттеулер» пәні аясында студенттерге арналған сабақтар оқыту мен оқудың белсенді әдістерін қолдану арқылы интерактивті режимде өткізеді. Сынақ кезеңіндегі дәрістер мен семинарларда оқытудың эвристикалық әдістерін (миға шабуыл, эмпатия, эвристикалық сұрақтар) қолданды. Бұл оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуға және сабақ материалын оқуға қызығушылықтарын оятуға мүмкіндік берді. Теориялық материалды түсіну кезеңінде оқушылар шағын топтарда жұмыс жасады. Зерттелетін тақырыптар аясында студенттерге ұсынылған проблемалық жағдаяттарды қарастырып, зерделеу ұсынылды. Сабақтарда келесі оқыту әдістері қолданылды: көрнекілік әдісі, кейс әдісі, дизайндық ойлау әдісі, SWOT талдау әдісі. Рефлексия кезеңінде студенттерге өзін-өзі бағалау және конструктивті кері байланыс жасау арқылы өтілген материалды бекіту ұсынылып отырады.

Осылайша, «Педагогикалық зерттеулер» сабақтарында студенттер сөйлеуді, тыңдауды, әңгімелесуді, диалогты жүргізуді, сонымен қатар дәлелдер келтіруді, ұсынылған мәселелерді әр қырынан зерттеуді үйренді. Бұл танымдық белсенділіктің дамуына және педагогикалық шеберліктің қалыптасуына ықпал етеді.

*Ақпарова Ж.М.* п.ғ.к., доцент «Wordwall.net», «Learningapps» білім беру сервистері бойынша, сонымен қатар, имитациялық ойындар (micro worlds), шағын топтармен жұмыс (small group workshop), фасилитация, геймофикация, игрофикация технологияларын студенттердің білім сапасын көтеруде, оқуға деген қызығушылықтарын артыруда қолданады.

ПОҚ коллаборативті оқыту технологиясымен терең айналысуда. Оның ғылыми және тәжірибелік зерттеуі бойынша аудиторияда оқытуға жұмсалатын уақыт тиімділігін қалай арттыруға болады, сабақтағы тайм менеджмент, студенттердің өзара бағалаулары, формативті бағалау, т.б. мәселелер зерттелуде. Сонымен қатар, қашықтықтан оқыту мен онлайн сабақтардың тиімділігін арттыруға қатысты барлық ПОҚ цифрлік технологиялар мен инструментарийлермен танысып, меңгеруде. Кафедра оқытушылары оқытудың компьютерлік технологиясымен айналысуда. Оқытудың компьютерлік технологиясы – мәліметтерді компьютер көмегімен даярлау және беру әрекеттері, қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл технология материал мазмұнын кейбір үлгілерді пайдалануға негізделеді. Мысалы, PhD, *Ибраева М.К.* интерактивті тақтаны қолдану барысында түрлі онлайн платформаларда мысалы, Wordwall, Kahoot тест, Padlet тақтасы және Microsoft 365 бағдарламасының қосымшаларында жұмыс жасайды.

*Жангазиева Т.Ә.* сабақтарында сыни тұрғыдан ойлау және проблемалық оқыту түрлерін қолданады.

Wordwall, *Курсабаев М.К.* п.ғ.к., аға оқытушы «Педагогикалық зерттеулер» пәнін оқыту барысында кейінгі жылдары әлемдегі жетекші университеттер қатарына кіретін University of Cambridge оқытушылары білім жүйесіне ендіре бастаған ChatGPT in Education платформасы негізінде AIED жобаларын оқу-тәрбие жұмыстарына нәтижелі пайдалануда. Осы орайда «ChatGPT: білім, тәуекел, технология» тақырыбында ашық дискурс сабағын тиімді өткізді.

## **Ғылыми жобаларға жас зерттеушілерді тарту дәрежесі;**

Кафедра бойынша жас ғалымдарды ғылыми жұмысқа тарту мәселелері де назардан тыс қалмады. Мәселен, кафедраның екі оқытушысы белгілі жоба бойынша ғылыми жұмыстармен қарқынды айналысып жатыр:

PhD докторы, аға оқытушы *Атабекова Б.Б.* Жас ғалым жобасы AP 14972706 «Әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтерді кәсіби дамытудың инновациялық моделі» (келісім шарт №304/ЖФ-2-22-24 20 қазан 2022 ж.) ҚР БҒМ 2022/2024 ж.ж. гранттық қаржыландыру конкурсын ұтып алып, тақырып бойынша зерттеу жұмыстарымен айналысуда.

2023 жылдың 08-14 қараша аралығында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыру аясында (ЖРН АР14972706) жобаны орындаушы Абай атындағы ҚазҰПУ аға оқытушысы Атабекова Б.Б. Баку Мемлекеттік университетінің «Әлеуметтік және педагогикалық психология» кафедрасы және мемлекеттік кітапхана дерекқорларымен танысып, талдау жасау мақсатында Баку (Азербайжан) қаласына іс-сапарда болып, тәжірибе алмасты.

Тәжірибе алмасу барысында ЖОО болашақ педагогының кәсіби тұлғасын дамытудың түрлі факторлары мен тетіктерін жан-жақты талқылау үшін ЖОО әдістемелік жұмыстың қазіргі жағдайына жоба тақырыбы бойынша ғылыми-әдіснамалық және озық тәжірибелермен танысты.

Кафедраның магистрі, оқытушы *Косиыгулова А.С.* «Педагогикалық сыныптар білім алушылардың "Педагог" мамандығын таңдауға дайындығын кәсіби бағдарлау және педагогикалық сүйемелдеу құралы ретінде» атты жобада ғылыми зерттеу жұмыстарына ат салысып жатыр. (20.01.2023 ж. – 31.12.2023 ж.).

ПОҚ және білім алушылар іске асырған стартап жобалары - жоқ;

**Кафедрадағы постдокторанттар мен зерттеуші профессорлардың үлесі;**

Педагогика кафедрасының аға оқытушысы, PhD *Советканова Д.М.* Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2023 жылдың 01 желтоқсанынан бастап постдокторлық бағдарламасына қабылданды. (Бұйрық 27.11.2023 № 05-04 8).

Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, п.ғ.к., зерттеуші-профессор *Берикханова А.Е.* Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2022 жылдың 10 ақпанынан бастап профессор-зерттеуші бағдарламасына қабылданды (Бұйрық 10,02,2020 № 156ж(қ,06,02,38, № 49).

**ПОҚ ҒЗЖ шеңберінде алынған патенттер мен авторлық куәліктердің болуы;**

Кафедраның PhD, аға оқытушысы *Советканова Д.М.* есептік жылда 2 авторлық куәлікке ие болды:

1. Авторлық Куәлік. Объектінің атауы: Жоғары оқу орындары оқытушылары, докторанттар мен магистранттарға арналған «ЖОО оқытушыларының андрагогикалық құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы. № 33627, «16» наурыз 2023 ж.

2. Авторлық Куәлік. Объектінің атауы: Андрагогикалық субъектілікті дамыту дидактикасы. Оқу-әдістемелік құрал. № 38230. «2» тамыз 2023 ж.

**Шәкіртақылар мен мемлекеттік ғылыми сыйлықтардың иегерлері - жоқ;**

**2023 жылы ҚР «Үздік ғылыми қызметкер», «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атақтарының иегерлері;**

*Асилбаева Ф.Б.* п.ғ.к., аға оқытушы "Үздік ғылыми қызметкер - 2023". "Бөбек" Жалпыұлттық қозғалысы "Қауымдастығы формасында ұйымдастырылған заңды тұлғалардың "II Халықаралық кітап басылымы"жобасына қатысқаны үшін I дәрежелі Дипломмен марапатталады, N003. 2) ТМД ғылым мен білім беруді дамытуға қосқан үлесі үшін төсбелгімен марапатталды. Астана қ. 2023 ж.

**Ғылым және техника саласындағы халықаралық және/немесе мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты атағының иегерлері;**

Кафедра профессоры *Жампеисова Корлан Кабыкеновна* 2023 жылдың сәуір айында TOP-10 ғалым Abai University тізіміне енді.

Кафедрада оқу зертханаларының болуы - жоқ;

Есепті жылы ғылыми зерттеулер жүргізу үшін заманауи жабдықтармен жарақтандыру – жоқ;

Ұлттық ұжымдық зертханалар мен инженерлік зертханалардың жабдықтарын пайдалану – жок;

### **Университеттің имидждік саясаты бойынша ғылыми іс-шаралар өткізу.**

Білім беру саласындағы жаңартылған білім беру мазмұны орта білім беру жүйесіндегі өзгерістермен қатар ЖОО-да да түбегейлі өзгерістер енгізе бастады. Бұл өзгерістер тек болашақ мамандарды даярлауға ғана емес, сонымен қатар профессор оқытушылардың біліктіліктерін жетілдіруге де қатысты өзгерістерге ұшырады.

Сонымен қатар бүгінгі күні педагогика ғылымында ұлттық компонентті дамыту, жастардың ұлттық сана сезімдерін қалыптастыру тақырыптары бойынша кафедраның ПОҚ құрамы белсенді іс-шаралар өткізуде.

Ғылыми зерттеулер тақырыптарының қайталанбастығы жаңа оқыту технологиялары, онлайн оқыту технологиялары, білім беру саласындағы цифровизация, коллаборативті оқыту әдістері, критериалды және формативті бағалау тақырыптарымен тығыз байланыста жүргізілуде.

Жыл бойы аталған бағыттар бойынша кафедра оқытушылары ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, әр түрлі республикалық, халықаралық конференцияларда баяндамалар жасап, мақалаларын жариялады.

Педагогика кафедрасының меңгерушісі **Колумбаева Ш.Ж.** басшылығымен ПжПИ-ның онлайн-лекториясы аясында экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ЖОО Қауымдастығының Басқарма төрағасы А. А. Әбішевтің **"Заманауи педагогикалық білім беруді трансформациялаудың пәнаралық алғышарттары"** тақырыбында қонақ дәрісі ұйымдастырылды.

Қонақ дәрісінің мақсаты – Заманауи педагогикалық білім беруді трансформациялаудың пәнаралық алғышарттарын дамыту мәселелері мен бағыттарын талқылау, презентация.

Қазіргі мұғалім білімін өзгерту мәселесіне, педагогиканың басқа қоғамдық ғылымдармен байланысына тұтас және жүйелі түсінік берді. 23.01.2023.

Педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., Абай ат. ҚазҰПУ профессоры **Колумбаева Ш.Ж.** 2023 жылдың 20-24 наурызы аралығында Iksad институтының қолдауымен Халич Университетінде «Қазақстандағы білім беру мен педагогикалық ғылымның қазіргі жағдайы мен даму тенденциялары» тақырыбында (20 сағат) дәріс оқыды.

Абай атындағы ҚазҰПУ педагогика кафедрасы 2023 жылдың 3 қарашасында университеттің, кафедраның және көрнекті қазақстандық ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Хмель Надежда Дмитриевнаның 95 жылдығына арналған «Педагогика ғылымы мен білімнің әдіснамасы мен практикасы» тақырыбында халықаралық дөңгелек үстел өткізді.

Іс-шараны университет ректоры Б.А.Тлеп ашты. Зерттеу қызметі және инновациялар жөніндегі проректор Е. А. Бөрібаев, Педагогика және психология институтының директоры Г.А.Абаева құттықтау сөз сөйледі.

Педагогика кафедрасының Қазақстанның педагогикалық ғылымы мен білімін дамытудың эпицентрі ретіндегі тарихын кафедра меңгерушісі Шолпан Колумбаева айтып берді. Профессор Н.Д. Хмель мен оның ғылыми мектебінің еліміздің педагогикалық білім берудегі инновациялық дамуына қосқан үлесі туралы баяндаманы Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры Наталья Хан баяндады.

Дөңгелек үстел онлайн және оффлайн форматта өтті. Бұл іс-шарада шетелдік қонақтарға педагогика ғылымы мен педагогтың кәсіби қызметінің даму перспективалары мен әдіснамалық мәселелерінің өзекті мәселелерін онлайн форматта баяндауға мүмкіндік берді (Илларионова Л. П., профессор, педагогикалық білім берудің Халықаралық Ғылым академиясы академигі, «Ресей Мемлекеттік әлеуметтік университеті» Жоғары білім берудің федералды мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі, Ресей, Мәскеу; Дроботенко Ю.Б., доцент, педагогика кафедрасының меңгерушісі, Омбы мемлекеттік педагогикалық университеті, Ресей, Омбы; Егорова Ю.Н., педагогикалық білім беру орталығы бастығының орынбасары, Максим Танк атындағы Беларусь мемлекеттік педагогикалық университеті, Беларусь, Минск қ.; Сулайманова Р.Т., Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінің И.Ш. Исамидинов атындағы педагогикалық кадрларды нысаналы даярлау институтының директоры, Қырғызстан, Бішкек қ.).



Пленарлық отырыста белгілі қазақстандық ғалымдар педагогика мен психология әдіснамасының өзекті мәселелерін бойынша мазмұнды баяндамалар жасады (Таубаева Ш.Т., Әл Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, Намазбаева Ж. И., профессор, Caspian University «Тұлғалық-кәсіби өсу» орталығының директоры, Әділғазинов Г. З., профессор, С. Сейфуллин атындағы ҚазАТЗУ сапа комитетінің бас менеджері, Длимбетова Ф. К., Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры).

Халықаралық дөңгелек үстел белгілі ғалымдарға, п.ғ.д., профессор Хмель Надежда Дмитриевнаның шәкірттеріне бірігіп, білім беру жүйесін дамыту және инновациялық идеяларды тұтас педагогикалық үдеріске енгізу мәселелерінде 95 жыл бойы қалыптасқан ұрпақтар сабақтастығын көрсетуге мүмкіндік берді.

2023 жылдың 5-8 желтоқсан аралығында Шыршық мемлекеттік педагогикалық университетінің (Өзбекстан) профессор-оқытушылары Гүлнара Эрназарова және доцент Мұқаддас Рахманова - Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогика және психология институтында «Болашақ педагогтарды даярлауды ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу» біліктілікті арттыру бағдарламасы бойынша ғылыми тағылымдамадан өтті.

Тағылымдама аясында институт директоры Ғалия Абаева - «Қазақстандағы инклюзивті білім беру: іске асыру жолдары», директордың ғылым жөніндегі орынбасары Абсатова М.А. - «Қазіргі жағдайда педагогикалық кадрларды кәсіби даярлаудағы инновациялар», педагогика кафедрасының меңгерушісі **Колумбаева Ш.Ж.** - «Педагогикалық процесті интегративті және дамып келе жатқан жүйе ретінде зерттеу» тақырыбында дәріс өткізді.

Өзбекстаннан келген әріптестер педагогика кафедрасы жұмысының негізгі бағыттарымен танысып, жетекші профессорлардың сабақтарына және «Педагогика бойынша зерттеулерді дамыту векторлары: педагогикалық университеттің миссиясы» халықаралық ғылыми-әдістемелік семинарының жұмысына қатысты.

2023 жылдың 5 желтоқсанында Педагогика және психология институтының педагогика кафедрасында халықаралық ынтымақтастық аясында «Педагогикадағы зерттеулерді дамыту векторлары: педагогикалық университеттің миссиясы» тақырыбында ғылыми-әдістемелік семинар өткізілді. Спикерлер: Омбы мемлекеттік педагогикалық университеті (Ресей) ректорының міндетін атқарушы Макарова Наталья және ОМПУ педагогика кафедрасының меңгерушісі Дроботенко Юлия.

Семинардың мақсаты - педагогикалық зерттеу саласындағы диалог, тәжірибе және пікір алмасу, олардың нәтижелерін, ғылыми ізденістер жүргізу әдістері мен нысандарын жариялау.

Семинардың ашылуында стратегия және интернационалдандыру жөніндегі проректор Ақтолқын Құлсариева халықаралық ынтымақтастық, педагогикалық жоғары оқу орындарының ғылыми-әдістемелік өзара іс-қимылы жас зерттеушілердің ғылыми-зерттеу құзыреттіліктерін дамытуда маңызды рөл атқаратынын атап өтіп, баяндамашыларға Абай атындағы ҚазҰПУ ректорының атынан алғыс хаттар табыс етті.

Семинарда педагогикалық зерттеулердегі ғылыми жаңашылдық мәселелері, әдістері, педагогикадағы зерттеу нәтижелерінің жаңа форматтары талқыланды. Баяндамашылар ОМПУ 2022, 2023 жылдары жүргізілген педагогикалық ғылымдар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен таныстырды.

Институт директоры Абаева Ғалия мұғалімдердің білім беру саласындағы бірлескен ғылыми жобалардың ерекше маңыздылығын атап өтті.

Педагогика кафедрасының меңгерушісі **Колумбаева Ш.Ж.** әріптестерін кафедраның ғылыми-зерттеу бағыттарымен таныстырып, ОМПУ педагогика кафедрасымен алдағы уақытта ынтымақтастық орнатуға дайын және қызығушылық танытты.

Қатысушылар баяндамашыларға көптеген сұрақтар қойып, семинарда көтерілген мәселелер бойынша өз пікірлерін білдірді (профессорлар Қ.Қ.Жампейісова, Н.Н.Хан, т.б.).

Семинар аралас форматта өтті, 60-тан астам адам қатысты: оқытушылар, магистранттар, докторанттар, Абай атындағы ҚазҰПУ, НЗМ оқытушы-зерттеушілері, ОМПУ және Шыршық мемлекеттік педагогикалық университетінің (Өзбекстан) педагогика кафедрасының оқытушылары қатысты.

17.04.2023 жылы кафедра оқытушылары **Курсабаев М.К., Сайдахметов Б.С.** Алматы облысы Жаркент жоғары техникалық-гуманитарлық колледжі ұстаздары мен студенттеріне «New media педагогикасы: парадигмалар, технологиялар, терминдер» тақырыбында дәріс оқыды.

Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы үшін ғылыми-зерттеу ізденістерінің тиімді әдістерінің бірі - кафедраның ғылыми-әдістемелік және әдіснамалық семинарларының қызмет етуі (Жетекшісі: А.Е.Берикханова). Бұл семинарлар кафедраның бекітілген жоспары бойынша өткізілгеніне қарамастан, әрдайым басқа институттардың оқытушылары үшін, тіпті Алматыдағы және одан тыс жерлердегі университеттер мен мектептердің оқытушылары үшін ашық жүргізіледі. Ағымдағы есеп беру кезеңінде кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы арасынан келесі әдістемелік және ғылыми-әдіснамалық семинарлар өткізілді.

13.03.2023 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ-да "**Кәсіби практикаға зерттеудің бейформалды түрлерін енгізу негізінде ЖОО оқытушыларының зерттеу белсенділігін арттыру**" тақырыбында жалпыуниверситеттік ғылыми-әдіснамалық семинар өткізілді.

Ғылыми-әдіснамалық семинар кафедраның ҒЗЖ жоспары бойынша және «Action Research ретінде зерттеудің бейформалды формаларын практикаға интеграциялау негізінде ЖОО оқытушыларының зерттеу белсенділігін дамыту теориясы мен технологиясы» ҒЗЖ AR 14872311 гранттық жобасы шеңберінде өткізілді.

Модератор, Абай атындағы ҚазҰПУ зерттеуші-профессор **А.Е. Берикханова** және спикерлер: ғылым департаментінің директоры У.М. Абдигапбарова, PhD, постдокторант Б.О.Сапарғалиева, п.ғ.к., АФ СПбГКУ-нің доценті, п.ғ.к. Л.О.Сарсенбаева, Абай атындағы ҚазҰПУ-ның доценті, п.ғ.к., **Ж.К. Ибраимова**, педагогика магистрі, Алматы қ. ХББ НЗМ сарапшы-мұғалімі Д.К.Байдильдинова, Абай атындағы ҚазҰПУ-ның аға оқытушысы, п.ғ.к. **Ф.Б.Асилбаевалардың** ғылыми мазмұнды баяндамаларында Абай атындағы ҚазҰПУ трансформациясының өзектілігі ашылды. Олар: ғылыми-зерттеу педагогикалық университетіне Action Research енгізудің үздік әлемдік тәжірибесіне, оқытушылардың зерттеу белсенділігін дамытудың негізгі әдіснамалық тәсілдері мен қағидаттарына, Action Research іске асырудың негізгі циклдарына, кезеңдеріне, ПОҚ-ның зерттеу құзыреттілігіне және Action Research-ті ЖОО практикасына енгізудің күтілетін нәтижелеріне тоқталды.

Сондай-ақ, семинар жұмысына Педагогика және психология институтының директоры п.ғ.к., доцент Г.А. Абаева, кафедра меңгерушісі, п.ғ.к., университет профессоры - **Ш.Ж. Колумбаева** құнды ой-пікірлерімен бөлісті. Ғылыми-әдіснамалық семинар Абай атындағы ҚазҰПУ, әл-Фараби атындағы ҚазҰПУ, ҚазҰҚПУ, Шәкәрім университеті (Семей), Ш.Есенов Университеті (Ақтау), С.Сейфуллин атындағы Агротехникалық университеті (Астана), М.Қозыбаев атындағы СҚМУ, М.Әуезов атындағы ОҚУ, АГЭУ, "Тұран" университеті, АТУ, А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ(Қостанай), СПбГКУ (Алматы филиалы), М.Өтемісұлы атындағы БҚУ, Каспий университеті (Алматы), Қарағанды техникалық университеттерінің профессор-оқытушылар құрамы, Қазақстан халықтарының Ассамблеясы өкілдері, Қарағанды жоғары политехникалық колледжі, Семей электротехникалық колледжінің, № 1 Алматы гуманитарлық колледжі, Алматы, Астана, Талдықорған қалаларының мектеп мұғалімдері, докторанттар мен магистранттар үшін зерттеу тәжірибесімен алмасу бағытындағы қызықты зияткерлік алаң болды. (Берикханова А.Е., Ибраимова Ж.К., Асылбаева Ф.Б., Жекеева А.Е.)

7.04.2023 ж. №118 мектеп-гимназияда «Заманауи педагог тұлғасын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері» атты ғылыми-әдістемелік семинар ұйымдастырылды. (Саудабаева Г.С.).

03.04.2023 жылы «Фасилитация студенттердің интерактивті оқыту әдісі ретінде» тақырыбындағы жалпы университеттік әдістемелік семинар ұйымдастырылды.

Психология және педагогика институтының директоры Ғ.Ә. Абаева қазіргі жағдайда семинар тақырыбының маңыздылығы мен өзектілігін айта отырып, құттықтау сөз сөйледі. Университеттің оқу процесіне фасилитацияны енгізу, оны басынан аяғына дейін басқару қажеттілігін айтты. Ғылым онкүндігін өткізудің маңыздылығын, олардың кәсіби өсуі үшін оқытушылар мен студенттердің белсенді қатысуының маңыздылығын атап өтті.

Педагогика кафедрасының меңгерушісі **Ш.Ж.Колумбаева** Ғылым онкүндігіне қатысушыларға арналған алғы сөзінде кафедра оқытушыларының онкүндік аясында кәсіби құзыреттілікті дамытуға арналған іс-шаралар циклын ұйымдастыру мен өткізуге қатысуына тоқталды. Барлық іс-шаралар қызықты және тәжірибеге бағытталған. Бұл тақырып өзекті және мұғалімдерге оқытушылардың әлеуетін ашуға бағытталған оқу процесін құруға мүмкіндік береді. Өкінішке орай,

студенттердің барлығы университетке саналы түрде, мұғалімнің рөлін толық түсініп түспейді. Мұғалім-фасилитатор студенттерге олардың мүмкіндіктерін, қажеттіліктерін түсінуге және мұғалімнің кәсіби қызметін саналы түрде түсінуге көмектеседі.

Әдістемелік семинар аясында студенттердің белсенді субъективті оқу белсенділігін арттырудағы оқытушы-фасилитатордың рөлін жаңарту мақсатында пікірталас алаңы құрылды. Семинар спикері педагогика кафедрасының аға оқытушысы **А. Д. Танатова** болды. Спикер қатысушылардың назарын университет оқытушыларының студенттердің тиімді тұлғааралық топтық өзара іс-қимылын жасау және сындарлы диалог жүргізу үшін қажетті фасилитациялық тәсілдерді, технологияларды қолдану қажеттілігіне аударды. Сабақта фасилитативтік оқыту әдістерін қолдану студенттерге белсенді оқу-танымдық іс-әрекетке мүмкіндік береді. (А. Д. Танатова).

06.04.2023 жылы "Рефлексивті практика-педагогтің зерттеу белсенділігін арттырудың негізі" тақырыбында жалпыуниверситеттік ғылыми-әдістемелік онлайн семинар өткізді.

Семинардың мақсаты - педагогтың кәсіби өзін-өзі жетілдіруінің және оның зерттеу белсенділігін арттырудың негізі ретінде рефлексивті практиканың өзектілігін және оқу процесіне енгізілуін талқылау.

Семинар кафедраның ҒЗЖ жоспары бойынша және *"Action Research ретінде зерттеудің бейформалды нысандарын практикаға интеграциялау негізінде ЖОО оқытушыларының зерттеу белсенділігін дамыту теориясы мен технологиясы"* ИРН АР 14872311 гранттық жобасы шеңберінде өткізілді.

Семинар жұмысына Педагогика және психология институтының директоры п.ғ.к., доцент Г.А.Абаева, кафедра меңгерушісі п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры қатысты. **Ш.Ж.Колумбаева**, сондай-ақ ҚазҰПУ ПОҚ.Абай, Толльятти мемлекеттік университетінің ГП институты, ОММПУ (Ресей), Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Г.Н.Гумилев атындағы ҚазҰУ, Ш.Есенов университеті, С.Сейфуллин атындағы Агротехникалық университеті (Астана), Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ. "Тұран" университеті, ҚАУ, АТУ, АФ СПБКГУ, Алматы қ. ХБН НЗМ мұғалімдері, докторанттар, магистранттар.

Семинар спикерлерінің мазмұнды баяндамалары негізінде: Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессор – зерттеуші **А.Е.Берикханова**, ЖОО High Schools академиялық директоры Н.Р.Елшібеков, PhD, пост-докторант Б.О.Сапарғалиева педагогикалық рефлексияның түрлері мен функциялары және оқытушылардың зерттеу белсенділігіне тигізетін әсерін жан-жақты ашты, оқытушылардың кәсіби қызметіне рефлексивті практиканы енгізудің негізгі механизмдері, ынталандыру тетіктері мен кезеңдері талқыланды, сондай-ақ, рефлексивті оқытудың табысты шетелдік модельдері Ұлыбритания, АҚШ, Финляндия т.б. елдердің қарастырылды.

Семинардың негізгі сәттерін талқылау барысында кафедра меңгерушісі, п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры **Ш.Ж. Колумбаева**, п.ғ.к., доцент **Ж.К.Ибраимова**, педагогика магистрі, Алматы қ. ХБН НЗМ мұғалім-сарапшысы Д.К.Байдильдинова, п.ғ.к., СПбГУП-нің профессоры Л.О.Сәрсенбаева, п.ғ.к., аға оқытушы **Ф.Б.Асылбаева** сөз сөйледі. Толльятти мемлекеттік университетінің профессоры Ирина Викторовна Руденко бірлескен әдіснамалық семинар өткізуге ниет білдірді, Педагогика және оқыту әдістемесі кафедрасының доценті Писаренко Данила Андреевич педагогтарды зерттеу қызметіне ынталандыру әдістерін талқылауға белсенді қатысып, сындарлы кері байланыс берді. (Берикханова., Ибраимова Ж.К., Асылбаева Ф.Б., Жекеева А.Е. )

27.11.2023 жылы «Жоғары педагогикалық білім беру әдіснамасының қазіргі аспектілері» тақырыбында жалпы университеттік ғылыми-әдіснамалық семинар өткізілді.

Әдіснамалық семинардың мақсаты: жоғары педагогикалық білім беру (ЖПБ) әдіснамасының заманауи аспектілерін ашу және педагог кадрларды даярлаудың өзекті мәселелері болды.

Семинар спикері п.ғ.д., профессор **Жампеисова Қ.К.** әдіснамасының мәнін, мазмұнын, деңгейлерін, әдіснамалық мәдениетті қалыптастыру мәселелерін ашты. Семинардың өзекті мәселелерін талқылау барысында кафедра меңгерушісі, п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры **Колумбаева Ш.Ж.**, Ферғана мемлекеттік университетінің педагогика факультетінің деканы Бекзод Байджанов, аға оқытушы, PhD **Атабекова Б.Б.** сөз сөйледі. Әдіснамалық семинар жетекшісі, профессор-зерттеуші **Бериханова А.Е.** семинарға қатысушылардың назарын оқыту мен тәрбиелеудің теориясы мен тәжірибесін интеграциялау үшін әдістемелік білімнің маңыздылығына аударды.

Семинарға Ферғана мемлекеттік университетінің, Санкт-Петербург гуманитарлық университетінің Алматы филиалының, Қарағанды техникалық университетінің, Қостанай өңірлік университетінің оқытушылары, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Педагогика және психология институты кафедраларының профессорлық-оқытушылары, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламалары орталығының мамандары, Алматы қ. ХББ НЗМ мұғалімдері қатысты. (Жампеисова Қ.К.).

25.12.2023 жылы Педагогика кафедрасында Халықаралық ғылыми-әдіснамалық семинар оффлайн және онлайн форматында өткізілді.

Семинардың мақсаты - Scopus платформасындағы индекстелген журналдарға ғылыми материалдарды техникалық параметрлерге сай дайындау мен этнопедагогикалық контенттің ерекшеліктерін талқылау. (Құрсабаев М.К.).

Абай атындағы ҚазҰПУ-де «Ғылым он күндігі» жоспарланған ППИ, Педагогика кафедрасының іс-шараларын ұйымдастыру жыл сайын өткізілуде.

Осы «Ғылым он күндігі» аясында іс-шаралар жоспарланып, өткізілді. Солардың бірі педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент **Жанна Муслимовна Акпарова** 2023 жылдың 6 сәуірінде студенттерге арналған «Ғылыми педагогикалық зерттеу жұмыстарына студенттердің қызығушылықтарын арттыру» тақырыбына ғылыми-әдістемелік семинар өткізді.

Ғылыми-әдістемелік семинардың мақсаты студенттердің заман талабына және жекелей дамуға қабылетті зерттеуші дағдыларын дарыту қажеттілігіне сай ғылыми педагогикалық зерттеу жұмыстарына қызығушылықтарын арттыру.

Семинарға қатысқан «Шет тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасы, қазақ бөлімінің 3 курс студенттері ғылыми педагогикалық зерттеу жұмыстарына деген қызығушылық танытып, болашақта дипломдық жобаларын сапалы орындау үшін осындай семинарлар, сабақтар болса деген ұсыныстарын білдіріп, скиперге алғыстарын айтты. (Акпарва Ж.М.).

03.03.2023 жылы «Педагогика» кафедрасының аға оқытушысы **Таңатова А.Д.** «Ұлттық тәрбиеге қосқан үлесім» кезекті воркшоп «Орыс тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті» мамандығының 1 курс студенттерімен (105-топ) өткізілді.

Іс-шараға академиялық мәселелер жөніндегі проректор Гүлжан Жарасова, Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Хайрулла Жанбеков, педагогика кафедрасының меңгерушісі Шолпан Колумбаева қатысты.

Воркшоптың негізгі мақсаты - педагогика ғылымын танымал ету және студенттердің жастардың рухани-адамгершілік дамуына, патриотизмді, ұлттық болмыс пен азаматтық борышты қалыптастыру мәселелеріне қызығушылығын арттыру.

Студенттер «Ұлттық тәрбие» пәнін оқу аясында азаматтық жауапкершілікті дамытуға және ұлттық кодты сақтауға бағытталған әлеуметтік эксперименттер, бейнероликтер жасауға қатысады. 2023 жылдың 27 ақпан мен 3 наурыз аралығында студенттер дүниетанымының қалыптасуына әсер еткен халық қаһармандары туралы сюжетті бейнероликтер мен комикстерді жасады. (Таңатова А.Д.).

22.05.2023 жылы «Интернет және ұлттық тәрбие» тақырыбында бірлескен ғылыми-әдістемелік семинар өткізілді.

Оған Шашаева Г.Қ (Әл Фараби ат. ҚазҰУ), Әлмұхамбетов Б.А (Абай ат. ҚазҰПУ), Кунакова К.Ө (Абылайхан ат. ӘТХҚУ), Альджанова Н.Қ, М.Қыдырбайұлы, Б. Санбаева және шетелдік қандастар Абдуссалам Саваш (Англия), Ләззат Мүләзімоғлы (Түркия), Амиркулова Акмарал (Бельгия), Гульнара Гульча (Испания), Алтынай Жунусова (Омск), Настаушева Орынкүл (Новосибирск), Нарынбетова Гүлдана (Науаи), Джумабаева Гульзада, Байгазиева Айшат (Мәскеу) және басқалар қатысты.

Семинар жұмысында заманауи білім ордаларында жаһандық цифровизация жағдайындағы жастарға ұлттық тәрбие беру мәселелері, шет елдердегі қазақ диаспораларындағы отбасы құндылықтары туралы ауқымды проблемалар көтеріліп, оның болашақтағы шешу жолдары жан-жақты баяндалып, талқыланды. (Құрсабаев М.К, Сайдахметов Б.С, Ибраева М.К.).

06.04.2023 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Ғылым декадасы аясында 1 курс студенттері арасында «Өз елім менің - өзегім менің» 3-ші жалпыуниверситеттік виртуалды викторина өтті. Виртуалды викторинаны Педагогика және психология институты педагогика кафедрасы Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты мәселелері департаментімен бірлесіп ұйымдастырылды.

Жалпыуниверситеттік викторинаның салтанатты бөлімінде Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты департаментінің директоры Д.Ж. Ділдәбек, педагогика кафедрасының меңгерушісі **Ш.Ж. Колумбаева**, зерттеуші-профессор **А.Е.Бериханова**, доцент **Ж.М.Ақпарова**, аға оқытушы Ф.Б. Асилбаева, доцент **Ж.К.Ибраимова**, магистр А.Е. Жекеева сөз сөйледі.

Викторинаға қатысушылардың барлығы Қазақстанның тарихы мен географиясы, салт-дәстүрлері мен мәдени дәстүрлері, ұлттық ойындары, танымал тұлғалардың өмірі мен қызметі, Тәуелсіз Қазақстанның тарихына қатысты сұрақтарға қуана жауап берді.

Викторина «Quizizz» платформасында өтті, бұл ойыншылардың жеңісінің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз етті.

Виртуалды викторинаның жеңімпаздары: 1 орын - Серікұлы Ерасыл, Жаратылыстану және география институты; 2 орын - Есенбек Айдана, Математика, физика және информатика институты; 3 орын - Исаева Асылзат, Филология институты. (Берікханова А.Е., Жекеева А.Е., Ибраимова Ж.К.).

Викторина жеңімпаздары ақшалай сертификаттармен және дипломдармен марапатталды.

## **2. ПОҚ-ның ғылымметриялық көрсеткіштері:**

**Scopus және/немесе WoS базаларында индекстелген журналдардағы жарияланымдар саны;**

### **Педагогика кафедрасы бойынша 4 мақала жарияланды:**

1. Ways of increasing students' self-organisation for self-study. Journal of Education and E-Learning Research. - Vol. 10 No. 4 (2023): In Progress Published: 2023-09-20. Скопус, 63 процентиль - Q2) <https://asianonlinejournals.com/index.php/JEELR/issue/view/281>. **Sholpan Kolumbayeva**, Elmira Aitenova, **Assel Tanatova**, Akkalam Zhekeyeva, **Aliya Koshygulova**.

2. A Study on Scientific Thinking Skills and Professional Experience of Teachers. International Journal of Education in Mathematics, Science, and Technology (IJEMST), 11(3), 570-585. Turkey <https://doi.org/10.48081/YPJZ1948> (Online) Процентиль Процентиль-57, Q2. Saparbaikyzy Sh, **Assilbayeva F**, Botabayeva A, Kim Olga, **Akparova Zh**, Bekbayeva M. 2023.

3. The emotional intelligence development of future English language teachers. International Journal of Innovative Research and Scientific Studies, 6(3) 2023, pages: 667-681. ISSN: 2617-6548. URL: [www.ijirss.com](http://www.ijirss.com). Процентиль-52, Q-3. **Akparova Zh**. 2023.

4. Conceptualising the Integration of Action Research into the Practice of Teacher Education Universities in Kazakhstan. Education Sciences. 2023, 13(10), 1034; <https://doi.org/10.3390/educsci13101034> <https://www.mdpi.com/2227-7102/13/10/1034>. 36.т. Education -77 Q1. **Berikkhanova A**, **Sapargaliyeva B**, **Ibraimova Zh**, Sarsenbayeva L, **Assilbayeva F**, Baidildinova D, Wilson Elaine.

**Q1, Q2 Journal Citation Reports JCR жоғары рейтингтік басылымдарындағы ПОҚ мақалалары мен шолуларының саны;**

### **Кафедра бойынша 4 мақала жарияланды:**

1. Conceptualising the Integration of Action Research into the Practice of Teacher Education Universities in Kazakhstan. Education Sciences. 2023, 13(10), 1034; <https://doi.org/10.3390/educsci13101034> <https://www.mdpi.com/2227-7102/13/10/1034>. 36.т. Education -77 Q1. **Berikkhanova A**, Sapargaliyeva **B**, **Ibraimova Zh**, Sarsenbayeva L, **Assilbayeva F**, Baidildinova D, Wilson Elaine.

